

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 19 мамырдағы № 291-VIII ҚРЗ

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 16-баптың 17) және 23) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"17) мемлекеттік заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқарумен байланысты лауазымдарды қоспағанда, тиісті қызмет салаларының уәкілетті мемлекеттік органдары әзірлейтін және бекітетін экономикалық қызметтің алуан түрлі ұйымдарының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының біліктілік анықтамалықтарын немесе үлгілік біліктілік сипаттамаларын қарайды және келіседі;"

"23) мемлекеттік білім беру ұйымының педагогін, мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымының бірінші басшысын, сондай-ақ осы Кодексте және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу тәртібін айқындайды;"

2) 101-бап мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Мемлекеттік заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқарумен байланысты лауазымдарға қойылатын үлгілік біліктілік талаптары, біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.";

3) 139-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Білім беру және мәдениет саласындағы жекелеген мемлекеттік заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын бірінші басшыларын, сондай-ақ мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымының бірінші басшысын қоспағанда, мемлекеттік заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқарумен байланысты лауазымдарға адамдарды қабылдау, олардың еңбек қызметін өткеру тәртібін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратымен келісу бойынша айқындайды.";

4) мынадай мазмұндағы 143-2-баппен толықтырылсын:

"143-2-бап. Мемлекеттік органдарда қызметін еңбек шарты негізінде жүзеге асыратын адамдардың, мемлекеттік заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдардың еңбегін реттеу ерекшеліктері

Мемлекеттік органдарда қызметін еңбек шарты негізінде жүзеге асыратын адамдардың, мемлекеттік заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адамдардың еңбегі "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктермен бірге осы Кодексте реттеледі.";

5) 146-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы баптың ережелері осы Кодекстің 143-бабында көрсетілген жұмыскерлерге қолданылмайды."

2. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 74-1) тармақшамен толықтырылсын:

"74-1) мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып, мемлекеттік қызметшілердің есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді тұтыну белгілерін анықтау рәсімдерін жүргізу және олардың нәтижесін ресімдеу қағидаларын бекітеді;"

2) мынадай мазмұндағы 142-1-баппен толықтырылсын:

"142-1-бап. Мемлекеттік қызметшілерді есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді тұтынуы тұрғысынан медициналық куәландыру

1. Мемлекеттік қызметшілердің есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді заңсыз тұтынуына профилактика жүргізу мақсатында олар есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді тұтынуы тұрғысынан Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және белгіленген тәртіппен медициналық куәландырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілерді есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді тұтыну фактісін және масаң күйде болуын анықтау тұрғысынан медициналық куәландырудан өтуге жіберу тәртібі мен негіздері, сондай-ақ медициналық куәландырылуға жататын лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасының есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Медициналық куәландыруға жіберуді және оның жүргізілуін қамтамасыз етпеген не есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді заңсыз тұтынудың анықталған фактісі бар адамдардың қызметтік міндеттерін атқаруына жол берген мемлекеттік органдардың басшылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

3. Мемлекеттік қызметшінің медициналық куәландырудан өтуден бас тартуы немесе одан өтуден жалтаруы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылыққа алып келеді."

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

20-1-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Саяси мемлекеттік қызметшілерге осы Заңда көзделген ерекшеліктермен бірге " Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылады."

4. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 1-тармағының б) тармақшасындағы "құқық қорғау органының" деген сөздер "мемлекеттік қызметшілерді, құқық қорғау органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

1-5), 1-6), 1-7), 1-8) және 1-9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-5) бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезіндегі төлемдер – тұрғынжайды жалдау мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленетін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына берілетін төлемдер;

1-6) бірыңғай есеп айырысу орталығы – уәкілетті орган айқындайтын жұмыс істеу талаптары мен тәртібіне сәйкес келетін, бірыңғай төлем құжатын қалыптастыруды жүзеге асыратын және ақпараттық жүйелер негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді берушілер мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін заңды тұлғалар;

1-7) бірыңғай республикалық электрондық база – осы Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қойған Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді қамтитын электрондық дерекқор;

1-8) бірыңғай төлем құжаты – қағаз жеткізгіште жасалған не электрондық нысанда қалыптастырылған, соның негізінде немесе көмегімен төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын, коммуналдық және қосымша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған құжат;

1-9) бюджеттік ұйымдар – мемлекеттік мекемелер және қазыналық кәсіпорындар;"; мынадай мазмұндағы 1-10) тармақшамен толықтырылсын:

"1-10) ведомстволық тұрғын үй қоры – мемлекеттік мекемелердің балансында тұрған, лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалатын не мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді

мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына лауазымдық міндеттерін атқару кезеңінде тұру үшін одан әрі жекешелендіру құқығынсыз, тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша беруге арналған қызметтік тұрғынжайлар;"

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) қызметтік тұрғынжай – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және еңбек қатынастарының сипатына қарай өз міндеттерін орындауы кезеңінде, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді ротациялау не оларды мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстыру кезінде Қазақстан Республикасының азаматтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарын не Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатындарды қоныстандыруға арналған, айрықша құқықтық режимі бар тұрғынжай;"

мынадай мазмұндағы 21-3) тармақшамен толықтырылсын:

"21-3) мемлекеттік органды көшіру кезіндегі төлемдер – тұрғынжайды жалдау мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленетін және мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерге берілетін төлемдер;"

3) 13-баптың 7-тармағы бірінші бөлігінің 8-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1) лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған не мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына лауазымдық міндеттерін атқару кезеңіне ведомстволық тұрғынжай қорынан берілген тұрғынжайларды жекешелендіруге болмайды.";

4) 67-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ведомстволық тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғынжайлар лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған не мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған, осы елді мекендегі тұрғынжайға мұқтаж мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде осы елді мекендегі тұрғынжайға мұқтаж мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына лауазымдық міндеттерін атқару кезеңіне пайдалануға беріледі.";

5) 110-баптың 1-тармағында:

бірінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Еңбек қатынастарының сипатына қарай өз міндеттерін орындау кезеңінде Қазақстан Республикасы азаматтарын, оның ішінде лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған не мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабы бойынша ауыстырылған мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарын қоныстандыруға арналған қызметтік тұрғынжайды беру және оны пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

"Лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған не мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарына ротациялау орны бойынша қызметтік тұрғынжай болмаған жағдайда, еңбек қатынастарының сипатына қарай міндеттерін орындау кезеңіне тиісті төлемдер беріледі.";

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органды көшіру кезіндегі төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерге берілетін тұрғын үй төлемдерінің, көтерме жәрдемақы төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтата тұру және қайта бастау, сондай-ақ жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындарды өтеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезіндегі төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілерге берілетін тұрғын үй төлемдерінің, көтерме жәрдемақы төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, қайтару, тоқтата тұру және қайта бастау, сондай-ақ жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындарды өтеу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.";

б) 111-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заңның 109-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, еңбек қатынастарына байланысты қызметтік тұрғынжай беріліп, ол қатынастарды тоқтатқан жұмыскерлер, оның ішінде лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған не мемлекеттік органның көшірілуіне байланысты басқа елді мекенге ауыстырылған мемлекеттік қызметшілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бір елді мекеннен екіншісіне көшуге байланысты қызмет

бабындағы лауазымдық орын ауыстыру кезінде мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттары басқа тұрғын үй-жай берілместен өздерімен бірге тұратын барлық адамдармен қоса шығарылуға тиіс."

5. "Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 32-1-баппен толықтырылсын:

"32-1-бап. Мемлекеттік қызметшілерді есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуы тұрғысынан медициналық куәландыру

1. Мемлекеттік қызметшілер есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуы тұрғысынан медициналық куәландырудан өтуге жіберіледі.

2. Мемлекеттік қызметшілер атқаратын мемлекеттік лауазымдарды мынадай өлшемшарттар:

1) жауапкершілік пен тәуекел деңгейінің жоғары болуына байланысты орындалатын лауазымдық міндеттердің сипаты мен ерекшелігі;

2) лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамаған кезде өзге адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіру ықтималдығының дәрежесі;

3) тиісті лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілердің тәндік және психикалық жай-күйіне қойылатын талаптар ескеріле отырып қалыптастырылатын медициналық куәландырудан өтуге тиісті лауазымдар тізбесіне (бұдан әрі – лауазымдар тізбесі) қосу есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуы тұрғысынан оларды медициналық куәландырудан өту үшін жіберуге негіз болады.

3. Лауазымдар тізбесі:

1) жұмыстан шығаруға негіз болмаған, бірақ жай-күйін қайта бағалауды талап ететін жекелеген белгілер анықталған алдыңғы медициналық куәландырудың нәтижелері;

2) мемлекеттік қызметшінің есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну фактісі не масаң күйде болуы анықталған жол-көлік оқиғаларын жасағаны туралы мәліметтер;

3) жеке немесе заңды тұлғаның өтініші бойынша жүргізілген тексеру нәтижелерімен расталған, мемлекеттік қызметшінің масаң күйде болуы мүмкін екенін көрсететін мінез-құлық фактілері туралы мәліметтер;

4) мемлекеттік қызметшінің масаң күйде болуы белгілері бар мінез-құлық туралы ақпаратты қамтитын, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе интернет-ресурстарда орналастырылған мәліметтер;

5) уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынған, мемлекеттік қызметшінің есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну фактілерін немесе масаң күйде болуын растайтын мәліметтер ескеріле отырып қалыптастырылады.

4. Осы бапта көрсетілген көздерден келіп түсетін мәліметтерді жинауды мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) жүзеге асырады.

5. Лауазымдар тізбесін мемлекеттік органның басшысы не оның аппаратының басшысы бекітеді және ол "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар таратылуы шектелген құжаттар қатарына жатады.

6. Лауазымдар тізбесіне енгізілмеген мемлекеттік қызметшілер:

1) есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну белгілерін анықтау, сондай-ақ оның нәтижелерін ресімдеу тәртібіне сәйкес анықталған, мемлекеттік қызметшінің есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынғаны ықтимал екенінің белгілері туралы мәліметтерді қамтитын персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) ұсынуы бойынша;

2) персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) тиісті актісімен ресімделіп, мемлекеттік қызметші жұмыс орнында не қызметтік міндеттерін атқару кезінде есірткілік немесе өзге де уытқұмарлық масаң күйде болған жағдайда;

3) мемлекеттік қызметші жұмыс уақытында өзге адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, қоғамдық тәртіпті бұзатын не мемлекеттік органның қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін әрекеттерді жасаған жағдайда;

4) жұмыс орнында есірткі мен психотроптық заттар, сол тектестер табылған жағдайда медициналық куәландырудан өтуге жіберіледі.

7. Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) мемлекеттік қызметшіні мемлекеттік органның басшысы не оның аппаратының басшысы медициналық куәландыруды жүргізу туралы шешім қабылдаған кезден бастап қырық сегіз сағат ішінде медициналық куәландыруға жібереді.

8. Жолдамада медициналық куәландырудың мақсаты, оны жүргізудің негіздемесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметші жіберілетін медициналық ұйымның атауы көрсетіледі.

9. Медициналық куәландырудың нәтижелерін сақтау мен өңдеу Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызметші медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан не одан өтуден жалтарған жағдайда, персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тиісті акті жасап, онда бас тартудың немесе жалтарудың мән-жайларын жазып көрсетеді.

Көрсетілген акт мемлекеттік қызметшінің жеке ісіне қосып тіркеледі.

Медициналық куәландырудан өтуден бас тарту Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшіні жұмыстан шығаруға (өкілеттігін тоқтатуға) негіз болады.

11. Мемлекеттік қызметшінің есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтыну фактісі расталған жағдайда мемлекеттік органның басшысы не оның аппараты

басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және белгіленген тәртіппен тиісті мәліметтердің мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға және құқық қорғау органдарына жіберілуін қамтамасыз етеді.

12. Мемлекеттік қызметшінің медициналық куәландырудан өтуі жұмыс уақытында жүзеге асырылады.

13. Басшы мемлекеттік лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілер жыл сайын медициналық куәландырылуға тиіс.

14. Осы баптың ережелері Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі, арнаулы мемлекеттік органдар, әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі, азаматтық қорғау туралы заңнамасында көзделген жағдайларға қолданылмайды."

6. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бапта:

2-11-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"2-11. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты сайланған әкімнің орнынан түсуін қабылдау немесе орнынан түсуін қабылдаудан уәжді бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Орнынан түсуді қабылдау немесе орнынан түсуді қабылдаудан бас тарту туралы шешім сайланған әкімнің жеке жазбаша өтініші берілген күннен бастап бір ай мерзімде қабылданады.";

мынадай мазмұндағы 2-17-тармақпен толықтырылсын:

"2-17. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты сайланған әкімге атқаратын лауазымына сай емес деп тану түрінде тәртіптік жаза қолдану туралы актінің көшірмесі келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімде сайланған әкімнің өкілеттігін тоқтату не оның өз міндеттерін жүзеге асыруды жалғастыруы туралы мәселені қарайды

Сайланған әкімнің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты шешімінің көшірмесі тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

Аумақтық сайлау комиссиясы аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешімі негізінде сайланған әкімді өкілеттігінен айыру фактісін назарға алады.";

2) 21-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жазалар қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен мәслихат сессиясында қолданылады, олардың қолданылуы туралы ақпарат тиісті аумақта таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.";

3) 36-бапта:

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты әкімнің орнынан түсуін қабылдаған;

3-2) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты әкімге атқаратын лауазымына сай емес деп тану түрінде тәртіптік жаза қолдануға байланысты әкімнің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдаған;"

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктері осы баптың 5-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін тоқтатуға алып келетін негіздердің басталу фактісі көрсетілетін шешім қабылдайды және тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайланған әкімді өкілеттігінен айыру фактісін назарға алатын осы баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің 3-2) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, тиісті аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыну енгізу туралы шешім қабылдайды."

7. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-2-бап мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген өзге де қағидаттар.";

2) 9-бапта:

3-тармақ "қызметке тұру" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

3) 12-баптың 2-тармағының 8) тармақшасы "оқу орындарына," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымына," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 14-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "бос" деген сөзден кейін "немесе уақытша бос" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 15-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "адамдар" деген сөз "Қазақстан Республикасының азаматтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 15-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі "мәртебесі," деген сөзден кейін " атқаратын лауазымы," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 17-баптың тақырыбы және 1-тармағы "оқу орындарына," деген сөздерден кейін " Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымына," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 18-бапта:

1-тармақта:

3) тармақшадағы "табысы мен" деген сөздер "кірісі мен өзіне меншік құқығында тиесілі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту, одан айыру не шығу салдарынан Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатуы негіз болады.

Дипломатиялық қызметтің қызметкері немесе дипломатиялық қызметтің жұмыскері басқа мемлекеттің азаматтығын алған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан шығарылуға жатады;"

4-1) тармақша алып тасталсын;

2-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Дипломатиялық қызметтің персоналы дипломатиялық қызмет органдарынан өз еркімен жұмыстан шыққан кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сыртқы істер министрлігінің кадр резервіне алынады."

8. "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

15-11-бап мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Саяси мемлекеттік қызметшілерге осы Заңда көзделген ерекшеліктермен бірге " Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші қолданылады."

9. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 79) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"79) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

2) 26-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Төменгі лауазымдарға орналасу үшін мамандар даярлау шеңберінде жоғары білімнің жекелеген мамандықтары немесе білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысымен оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес конкурстық негізде жүзеге асырылады;"

3) 47-баптың 17-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде төменгі лауазымдарға орналасу үшін мамандар даярлау шеңберінде жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқыған Қазақстан Республикасының азаматтары оны Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен жұмыспен өтеуге міндетті."

10. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 23-бапта:

1-1-тармақтың 3) тармақшасындағы "(лейтенант)" деген сөз "(лейтенант, аға лейтенант)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Лейтенант арнаулы атақтары, "3-сыныпты заңгер" сыныптық шені:";

мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын:

"5-2. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында , шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанының толық курсың үздік бітірген түлектерге "аға лейтенант" арнаулы атағы беріледі.";

2) 24-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Ауылдық жерлерде учаскелік полиция инспекторлары лауазымдарын атқаратын қызметкерлердің арнаулы атақтарында еңбек сіңірген жылдарының мерзімі қызметтің бір айы үшін бір жарым ай есебімен жеңілдікті жағдайларда есептеледі.";

3) 29-бап мынадай мазмұндағы 5-2-тармақпен толықтырылсын:

"5-2. Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында , шет мемлекеттердің құқық қорғау органдарының білім беру ұйымдарында жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанының толық курсың үздік бітірген түлектерге алған мамандығы бойынша орта басшы құрамның бос лауазымын таңдаудың басым құқығы беріледі, олар осы бос лауазымға құқық қорғау органының басшысы айқындайтын тәртіппен тағайындалады.".

11. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

139-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Заңда көзделген жағдайларда басшыны тағайындау, басшының кандидатурасын келісу, оны аттестаттаудан өткізу, білім беру және мәдениет саласындағы жекелеген мемлекеттік кәсіпорындардың Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын бірінші басшыларын қоспағанда, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

7-тармақ алып тасталсын.

12. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-бапта:

3-тармақтың 1) тармақшасы "(осы баптың 4-1-тармағында көзделген жағдайларда – аға лейтенант)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Арнаулы мемлекеттік органдардың жолдамасымен әскери, арнаулы оқу орнында немесе шет мемлекеттің білім беру ұйымында жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанының толық курсы үздік бітірген түлектерге "аға лейтенант" арнаулы атағы беріледі.";

2) 30-баптың 7-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша арнаулы мемлекеттік органдардың жолдамасымен әскери, арнаулы оқу орнында немесе шет мемлекеттің білім беру ұйымында күндізгі оқу нысанының толық курсы үздік бітірген қызметкерлер арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған басым тәртіппен офицерлер құрамының лауазымдарына тағайындалады."

13. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 21-баптың 5-тармағының 8) тармақшасы "офицерлік құрамның "лейтенант" деген сөздерден кейін "(осы Заңның 39-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларда – "аға лейтенант")" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 39-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының әскери, арнаулы оқу орындарында немесе шет мемлекеттердің әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанының толық курсы үздік бітірген түлектерге уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшысы айқындаған тәртіппен, алған мамандығы бойынша бос лауазымдарды тандаудың басым құқығы беріле отырып, "аға лейтенант" әскери атағы беріледі."

14. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1-2) және 2-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1-2) әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызмет – мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, жеке немесе заңды тұлғаға көрсетілетін және оның базалық және қоғамдық маңызы бар қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған көрсетілетін қызмет;"

"2-1) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;"

мынадай мазмұндағы 2-2) және 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызмет – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің өлшемшарттарына сай келетін, бірақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілмеген мемлекеттік функция;

2-3) жеке тұлғаларды мемлекеттік қолдау шарасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлерді және жеке практикамен айналысатын адамдарды, заң консультанттарын қоспағанда, жеке тұлғалардың бақуаттылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер немесе өзге де мемлекеттік қолдау нысандары;"

5-2) тармақша алып тасталсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне автоматтандырылған қол қою – цифрлық объектілер мен жүйелерден барлық қажетті деректер мен растамалар алынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің қатысуынсыз мемлекеттік көрсетілетін қызметтің электрондық нәтижесіне электрондық цифрлық қолтаңбаны автоматтандырылған түрде түсіру;"

2) 3-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацы "көріністеріне" деген сөзден кейін ", сондай-ақ формальды негіздер бойынша бас тартуға" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "көрсетілетін қызметті берушінің" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 10-бапта:

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің уақтылы қабылдануын қамтамасыз етеді, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердегі қарама-қайшылықтар мен олқылықтарды жояды;"

9-2) тармақша "сәйкес" деген сөзден кейін ", мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне автоматтандырылған қол қоюды қолдануды қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 11-бапта:

8) тармақшадағы "және әлеуметтік жауапкершілігі бар" деген сөздер алып тасталсын;

13) тармақша "көрсетілетін қызметті берушілердің" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілердің" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 11-1-баптың 4-тармағының 6) тармақшасы "арқылы" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жеделдетілген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

7) 14-бапта:

2) тармақшада:

екінші және үшінші абзацтар "көрсетілетін қызметті берушінің" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзац "көрсетілетін қызметті берушілермен" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілермен" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "көрсетілетін қызметті берушілерге" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілерге" деген сөздермен толықтырылсын;

3-1) тармақшаның төртінші абзацы "көрсетілетін қызметті берушінің" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 18-1-бапта:

1-тармақта:

үшінші бөлік "көрсетілетін қызметті берушілерді" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілерді" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету мерзімдері осы Заңда белгіленген жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету мерзімдерін ұзартуға жол берілмейді.";

2-тармақтың екінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Айлармен есептелетін мерзім мерзімнің соңғы айының тиісті күнінде аяқталады.";

9) 18-2-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөлік "актіде" деген сөзден кейін "немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету қағидаларында" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесін, оның ішінде көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің шешімі негізінде тоқтата тұру туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға жіберген күннен басталады. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші немесе көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.";

2-тармақта:

бірінші абзац "Көрсетілетін қызметті беруші" деген сөздерден кейін "немесе көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұруға міндетті." деген сөздер "органдар, сот қарайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де

тәртіппен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мүмкін болмаған;" деген сөздермен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету қағидаларында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда тоқтата тұруға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесі тоқтатыла тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің немесе көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктер тоқтата тұру мерзімі шегінде жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру субсидиялауға байланысты, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларды іріктеудің конкурстық рәсімдері арқылы немесе белгіленген лимиттер шегіндегі көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.";

3-тармақта:

1) тармақшадағы "қайтыс болған" деген сөздер "тиісті" деген сөзбен ауыстырылсын ;

2) тармақшадағы "көзделген жағдайларда", "немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады." деген сөздер тиісінше "көзделген жағдайларда –", ", сот актісі заңды күшіне енгенге дейін немесе мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәртіппен шешілгенге дейін;" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы баптың 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда, анықталған кемшіліктер көрсетілетін қызметті беруші немесе көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші белгілеген ақылға қонымды мерзімде жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген тоқтата тұру мерзімі мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету қағидаларында белгіленген тиісті мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетудің жалпы мерзімінен аспауға тиіс.";

10) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетуі

1. Көрсетілетін қызметті берушілердің (көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілердің) мемлекеттік қызметтер көрсетуіне қойылатын талаптар мен оның тәртібі мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде айқындалады.

2. Әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетуге қойылатын талаптар мен оның тәртібін көрсетілетін қызметті берушілер әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетудің үлгілік қағидаларына сәйкес әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушілер осы Заңның талаптарына сәйкес бекітеді.

3. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету қағидаларында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) көрсетілетін қызметті берушінің немесе бірлескен қызмет көрсетушінің сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс, бұған өтініш және (немесе) құжаттар "цифрлық үкімет" веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар айқындаған өзге де цифрлық объектілер арқылы берілген жағдайлар кірмейді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін ақылға қонымды мерзім белгіленеді, ол мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету қағидаларында белгіленген тиісті мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетудің жалпы мерзіміне қосылмайды және одан аспауға тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

4. Осы баптың 3-тармағының ережелері субсидиялауға байланысты, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларды іріктеудің конкурстық рәсімдері арқылы немесе белгіленген лимиттер шегіндегі көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.";

11) 19-1-бапта:

тақырып "Көрсетілетін қызметті берушілердің" деген сөздерден кейін "және көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілердің" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетуден бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті алушыға бас тартудың себептерін көрсете отырып, жауап жібереді.

Бас тарту туралы шешімді көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші қабылдаған жағдайда, көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші бұл жөнінде көрсетілетін қызметті берушіні хабардар етеді, ол соның шешімі негізінде көрсетілетін қызметті алушыға бас тартудың себептерін көрсете отырып, жауап жібереді.";

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-тармақтармен толықтырылсын:

"1-1 Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алу құқығының туындауына қатысы жоқ талаптар осы қызметті көрсетуден бас тартуға негіз бола алмайды.

1-2. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған кезде көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау өткізілмейді.";

2-тармақта:

бірінші абзац "Көрсетілетін қызметті берушілер" деген сөздерден кейін "және көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілер" деген сөздермен толықтырылсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) субсидиялауға байланысты, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларды іріктеудің конкурстық рәсімдері арқылы немесе белгіленген лимиттер шегіндегі көрсетілетін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;"

б) тармақшадағы "болмауы бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетуден бас тартады." деген сөздер "болмауы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) осы Заңның 18-2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіз бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктердің жойылмауы бойынша

мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетуден бас тартады  
";

12) 20-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2-1. Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және (немесе) құжаттарда қателер немесе дәлсіздіктер анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері өтініштерді цифрлық күту парағы арқылы қабылдайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген негіз бойынша көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар (оның ішінде түпнұсқалар) Мемлекеттік корпорацияның сақтауына қабылданбай, көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылуға тиіс.

Көрсетілетін қызметті алушы тоқтата тұру мерзімі шегінде анықталған кемшіліктер жойылғаннан кейін құжаттарды қайта ұсынады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыға анықталған кемшіліктерді жою үшін ақылға қонымды мерзім белгіленеді, ол мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленген тиісті мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзіміне қосылмайды және одан аспауға тиіс.

Кемшіліктер жойылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы алғаш жүгінген күн мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш және (немесе) құжаттар қабылданған күн болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған кезден бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация жұмыскері өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

2-2. Осы баптың 2-1-тармағының ережелері субсидиялауға байланысты, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыларды іріктеудің конкурстық рәсімдері арқылы немесе белгіленген лимиттер шегіндегі көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды.";

13) 21-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету кезінде шешім автоматтандырылған түрде қабылданған жағдайда оның нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз цифрлық жүйе қалыптастырады. Көрсетілетін қызметті алушы нәтижемен келіспеген кезде оны көрсетілетін қызметті берушінің қатысуымен қайта қаратуға құқылы.";

14) 24-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша мемлекеттік қызметті, оның ішінде цифрлық форматта және (немесе) жеделдетілген

түрде көрсеткен кезде одан жеделдетіп қызмет көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі орталық мемлекеттік органдар қатарынан айқындайтын уәкілетті органның шешімімен бекітілген бағалар прејскурантына сәйкес төлем алуға құқылы.";

15) 25-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігі "көрсетілетін қызметті берушінің," деген сөздерден кейін "көрсетілетін қызметті бірлесіп берушінің," деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

1) тармақша "көрсетілетін қызметті беруші," деген сөздерден кейін "көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "ауылдық округтің әкімі" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті беруші, көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші, Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша "ауылдық округтің әкімі" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті беруші, көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші, Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 27-баптың 2-тармағындағы "Көрсетілетін қызметті берушілер" деген сөздер "Көрсетілетін қызметті берушілер, көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілер" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 25-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың күші мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болып саналатын рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның берілуіне қолданылмайды.";

2) 34-баптың 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың күші мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып саналатын лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қайта ресімделуіне қолданылмайды.".

16. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 1-1) тармақшасындағы "мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын" деген сөздер "саяси мемлекеттік лауазымды не "А" корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымын не сайланатын мемлекеттік лауазымды" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 1-тармағы 5) тармақшасындағы "бағытталуға тиіс." деген сөздер " бағытталуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"б) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыру үшін қажетті жағдайларды көздеуге, оларды іске асыруды қиындататын немесе шектейтін кедергілерді болғызбауға тиіс."

18. "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" 2025 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

66-баптың 5-тармағында:

бірінші бөліктегі "9-тармағында" деген сөздер "8-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші бөліктердегі "9-тармағының" деген сөздер "8-тармағының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 18-тармағын;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10, 12 және 13-тармақтарын;

3) 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 14 және 15-тармақтарын қоспағанда, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*